

* * *

Мақалада төменгі сынып оқушыларында дене шынықтыру арқылы салауатты өмір салтын қалыптастырудың психологиялық - педагогикалық әдебиеттерде талдануы қарастырылады.

* * *

The article considers forming of junior school students' healthy life-style by means of physical training to psychological and pedagogical literature.

ӘОЖ 371. 13 (574)

*Н.С. Байжуманова
Д.Б. Есмағамбетова
С.Қ. Тәжібаев*

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

ҚАЗАҚСТАНДА ОҚИТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЕНГІЗУ ТӘЖІРИБЕСІ

Еңбек нарығында жауапты, құзыретті, аралас қызметтерге бейімделген, халықаралық стандарт деңгейінде жұмыс істеуге қабілетті, әр уақытта кәсіби өсуге дайын, бәсекеге қабілеттілік бағытында және оның деңгейіне сәйкес жоғары білікті мамандарды даярлау кәсіби білім берудің негізгі міндеттерінің бірі - барлығымызға мәлім. Осы мәселені қазақстандық білім беру жүйесін жаңарту тұжырымдамасы жоғары оқу орындарының алдына қойып отыр.

Қазіргі уақытта жоғары кәсіптік білім беру саласын модернизациялау оқытудың кредиттік жүйесін енгізумен тікелей байланысты. Бұл жүйені енгізу ұлттық білім беру жүйелерін реформалаудағы дүниежүзілік тенденциялармен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары дипломдарының әлемдік білім беру кеңістігінде еркін қабылдануына деген жағдайлар және алғышарттар жасау қажеттіліктерімен түсіндіріледі /1/.

Бұл кәсіби сауатты түлектерді талап етеді, бірақ қазіргі өзгермелі нарық жағдайында мұндай мамандар жоғары біліктілікпен қатар, жаңа талаптарға бейімделгіш, неғұрлым икемді және бәсекеге қабілеттілігімен ерекшеленуі тиіс. Ұлтымыздың бәсекеге қабілеттілігін көтеру – білім берудің деңгейін сапалы жоғарылату арқылы жүзеге асатыны заңды құбылыс.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіне кредиттік технологиясы арқылы оқыту енгізілген. Оқытудың кредиттік

технологиясын енгізудің дәстүрлі оқытудан ерекшелігі – мұнда студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыруға көп уақыт бөлінеді, яғни өзіндік іздену мен өзін-өзі дамытуға мүмкіндіктер береді.

Еліміздегі жоғары оқу орындарында эксперимент ретінде енгізілген кредиттік оқыту жүйесі – заман талаптарына сәйкес болашақ маман бойында толыққанды білімді қалыптастыруға, өздігінен жұмыс істеу және білім алу дағдыларын дамытуға жағдай жасайтын жаңа оқыту жүйесі. Кредиттік оқыту жүйесінің енгізілуі қоғам сұранысына сай мамандарды даярлау, соған сәйкес жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасау, болашақ маманның кәсіптік деңгейінің жоғары сапасын қалыптастыру қажеттігінен туындайды.

Алғашқы рет кредиттік жүйе АҚШ-та пайда болды. 1869 ж. Гардвард университетінің президенті, білімнің американдық қайраткері Чарльз Элиот «кредит-сағат» ұғымын енгізді және 1870-1880 жж. пәннің көлемін кредит-сағатпен өлшеуді енгізді. 1892 жылдан «кредитті сағаттық» жүйенің дамуының екінші кезеңі басталды. АҚШ-тың ұлттық білім беру комитеті орта мектептерде оқу бағдарламасын стандарттаудың «колледж-мектеп» звеносын жақсарту мақсатында тек колледждерде емес, сондай-ақ жоғары мектептерде «кредит» ұғымын енгізді, бакалавриат бағдарлама мазмұнының көлемін бағалаудың кредитті жүйесін білімнің магистрлік және докторлық сатысында да таратылды /2/. Содан бері әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде кәсіби білім беру бағдарламасын бағалауда кредиттік технологиясы пайдаланылды.

Кредит – өзімен оқытудың сандық нәтижелерін, құзыреттерді жинау негізін, яғни студент нені білу керек, не істей алу керек және оқу процесін аяқтағаннан кейін нені түсініп немесе меңгеруге қабілеттігін анықтау тәсілін көрсетеді /3/.

Кредиттік технология – кредит түрінде білім көлемін есепке алу және білім процесін жоспарлау мүмкіндігі мен оқу процесінің аясында шығармашылықты игеру, өз бетінше білім алу деңгейін көтеретін білім беру технологиясы.

Халықаралық білім беру кеңістігінде жоғары білім саласында кредиттік технология бойынша оқытудың төрт негізгі жүйесі бар. Олар: европалық жүйе, америкалық жүйе, британдық жүйе, Азия мемлекеттерінде және Тынық мұхиты аймағында қолданылатын жүйе. Қазақстан осылардың ішіндегі европалық жүйенің бағытын ұстануда. Дүние жүзінде бұл жүйе бойынша 1200 елде университеттік жоғары білім беру іске асырылуда /1/.

Шет ел оқу орындарындағы білім беруді қарастырған Б.Андрис, Ж.М.Арутюнова, Н.Белканов, М.К.Борисенко, С.Ирсалиев, О.М.Карпенко, А.Н.Карташевич, М.Лаумулин, Г.А.Лукичев, С.Питер, Р.Г.Стронгин, Х.Рахимбек, Б.К.Момынбаев, Ж.К.Тлешова, В.П.Чинков, В.Н. Чистохвалов және т.б. зерттеушілер өз еңбектерінде ол елдердегі

білім беру жүйелерінің құрылымы мен ерекшеліктеріне тоқталып, кредиттік оқыту жүйесі бар елдерде түрлі факторларға байланысты оның қолданылу тәжірибелерін, даму бағыттары мен проблемалары әр алуан екендігін көрсетті /2/.

Білім берудің ашық жүйесін құру кредиттік технологияның енгізілуі нәтижесінде мүмкін болатын бәсекелестікке жарамдылықпен айқындалады. Бұған білім беру стандарттары мен жоғары ғылыми-педагогикалық білімі бар маманның біліктілік сипаттамасымен, оқытудың интеграцияланған бағдарламаларының енгізілуі және студенттер үлгерімінің сынақтық бірліктер жүйесі тиісінше ықпал етеді.

Білім берудің жаңа типі – жаңа педагогикалық технологияларды қажет ететін, ашық білім беру жүйесі ақпараттық технологиялар арқылы іске асады. Жаңа ақпараттық-педагогикалық технологиялар ақпараттардың білімге айналуы процесінің сапасын қамтамасыз етеді.

Кредиттік оқыту технологиясы келесідей мүмкіндіктер береді:

- еңбек нарығының сұраныстарына бағыт ала отырып, академиялық бағдарламаларды қозғалмалы етіп жоспарлау;

- егер студентке өз дайындығының бағытын түзету қажеттілігі туындаған жағдайда бағдарламаларды біріктіру;

- студент бір жоғары оқу орнынан екіншісіне немесе басқа мамандыққа ауысқан жағдайда осы уақытқа дейінгі оқу көлемінің академиялық тұрғыдан мойындалуын іске асыру;

- керек болған жағдайда білім алуды кезең-кезеңімен, яғни уақыт аралық үзілістермен (студентте материалдық тұрғыдағы немесе уақыт тапшылығы қиындықтары болған жағдайда) іске асыру /1/.

Жалпы, Қазақстанда оқытудың кредиттік жүйесі 1990 жылдардың ортасынан бастап біртіндеп қалыптаса бастады және оқу жоспарлары мен бағдарламаларын үйлестіруіне байланысты студенттердің мобильділігі ЖОО-ның басты артықшылығы болды. Қазақстандағы бірқатар ЖОО-дары шет елдің жетекші университеттерімен халықаралық байланыстарды белсенді түрде кеңейте бастады, яғни алуан түрлі халықаралық жобалар мен бағдарламаларға қатысты, оларды жүзеге асырды. Осыған байланысты Қазақстан ЖОО-дары әдістемелік жұмыстың үлкен көлемін орындады: жаңа білім беру стандарттары, типтік бағдарламалар, ал оларға сәйкес оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары өңделді /3/.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті ең алдымен, оқытудың кредиттік жүйесіне алты мамандық бойынша біртіндеп ауысуды жөн көрді. Мұндағы университет ұжымының басты мақсаты – білім берудің сапасын жоғарылату болды. Ауысудың бұл түрі-оқу процесін реформалау бойынша күрделі, жүйелі, әрі мақсатты бағытталған жұмыс болды, себебі ол университеттің басшыларынан, қызметкерлерден және профессор-оқытушылар ұжымының құрамына қойылатын жаңа талаптарды қайта ойластыруды талап етеді.

Оқытудың кредиттік жүйесіне ауысуды жүзеге асыру барысында мамандарды даярлаудың негізгі элементтерінің өзара байланысы өте маңызды болып табылады, олар: оқу процесін ұйымдастыру, білім сапасын бақылау, педагогикалық шеберлікті жетілдіру және университеттің материалдық-техникалық базасы, сонымен қатар кітапханалар, баспа ісі, оқытудың техникалық құралдары мен лингафон кабинеттері, компьютерлік және мультимедиялық кластар.

Оқытудың кредиттік жүйесін енгізуге байланысты, ең алдымен студенттердің оқу процесін ұйымдастыруға көңіл бөлу керек. Басқаша айтқанда, университеттің профессор-оқытушылар құрамы оқытудың дәстүрлі технологиясының формаларына лайықтамай, оқыту процесіне деген дәстүрлі көзқарасынан жаңа көзқарастарға ауысуы керек және мақсатқа лайықты сабақты өткізудің жаңа әдіс-тәсілдерін қолдануы қажет /4/.

Біздің пікірімізше, оқытудың кредиттік жүйесіне ауысу бір жағынан-студенттерге жеткілікті түрде негізгі білімді беру, ал екінші жағынан – маманға қойылатын талаптардың, яғни кәсіби құзыреттіліктердің қалыптасуы қазіргі заманға сай келуі керек.

Сонымен, кредиттік оқыту жүйесі – өз бетінше білім алудың және жекешелендіру негізінде білімді шығармашылықпен меңгерудің, білім беру траекториясының таңдалуын және кредит түріндегі білім көлемінің ескерілу деңгейін арттыруға бағытталған білім беру технологиясы.

Кредиттік оқыту жүйесі дәстүрлі оқыту түрінен өзгеше. Бұл жүйе білім алудың ұжымдық түрінен жеке тұлғалық түріне көшуді қамтамасыз етеді. Сондықтан студенттердің өз бетінше білім алуын қамтамасыз ететін өзіндік сабақтардың рөлі артып, оқытушы мен студенттердің қызметі жаңа сипатқа ие болады. Кредиттік жүйе жағдайында студенттердің өздігінен білім алу жолдары мен әдістерін меңгереді, жаңа білім көздерін таба алады және алған ақпараттарын саналы түрде ой елегінен өткізіп отырады. Мұнда оқып-үйренетін әрбір пәннің мазмұны, мен жалпы процесс жүйесі студенттердің шығармашылық жағдайда өзіндік жұмыстарды атқаруға бағытталуы керек. Ал оқытушы оқу процесін үйлестіруші, бағыт беруші қызметін атқарады /2/.

Оқытудың кредиттік технологиясының қағидаларын сапалы қолдану мақсатында ҚарМУ-нің профессор-оқытушылар құрамы және қызметкерлері үлкен ұйымдастыру жұмыстарын өткізді. Өңделген жаңа білім беру стандарттарына, типтік бағдарламаларға сәйкес әрбір оқу курстары бойынша кейстер мен оқу-әдістемелік кешендер өңделді.

Кредиттік оқыту жүйесінде оқытуды ұйымдастыру оқу-әдістемелік кешен арқылы жүзеге асырылады, ол оқу курсының нақты тұжырымдамасын анықтайтын құжат болып саналады. Оқу-әдістемелік кешен пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру және университетте алған білім мазмұнының озық тәжірибесін енгізу мақсатында жасалады. Оқу-әдістемелік кешен типтік бағдарламалар негізінде тьютор дайындайды

және ол типографиялық әдіспен басып шығарылады. Оған пәннің оқу бағдарламасы, курстың оқу жоспары, қысқаша дәріс тезистері, практикалық немесе зертханалық жұмыстар, студенттерге арналған өздік жұмыстар мен тапсырмалар жүйесі, пән бойынша есеп беру жұмысының кестесі, тест тапсырмалары, жазбаша жұмыс тақырыптары және емтихан сұрақтарының тізімі кіреді /5/.

Кредиттік технологияны енгізу үшін оқу процесі толығымен қайта қалыптасты, ЖОО-ның факультеттері жаңа жоспарланатын және реттелетін құжаттамамен қамтамасыз етілді. Республиканың ЖОО-ның бірқатары және ҚарМУ ұжымы соңғы үш жылда үлкен жұмыс жасады: білім берудің жаңа стандарттары мен типтік бағдарламалар дайындалды. Барлық дайындау бағыттары бойынша жалпыға міндетті білім беру стандарттары өзгерді, соған байланысты типтік бағдарламалар, жұмыс оқу жоспарлары өзгерді. Негізінен оқу жоспарларында міндетті және элективті пәндердің жүйелері енгізілді.

Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыруға да бірқатар өзгерістер енгізілді. Оқу жылы 34 аптадан тұрады, оның 30-ы теориялық оқуға (2 семестр 15 апта бойынша) арналады, теориялық оқудан кейін 2 аптадан сессияға уақыт беріледі. Тәжірибе ұзақтылығы 5 апта болады. Жазғы семестр мүмкіндігі студентке қосымша курс немесе курсты қайта өту бойынша қосымша кредит алуға мүмкіндік береді. Студент бір семестр ішінде 12-18 кредит, жылына – 24-36 кредит жинауы керек.

Академиялық сағат ұзақтылығы сабақ түріне қарай орнатылған: дәріс және практикалық сабақтың 1 академиялық сағаты 50 минутқа, зертханалық және дене тәрбиесі сабақтары – 100 минутқа тең. Білім алушының оқу жүктемесі бір апта ішінде 30-34 академиялық сағаттарды құрайды.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесінің негізгі субъектілері тьютор мен эдвайзер болып табылады. Тьютор – ағымдық, аралық, үй тапсырмасын бақылауды жүзеге асыратын және баллды-рейтинг жүйесінің қағидасына сәйкес сабақ өткізетін оқытушы. Эдвайзер қызметі деканатта құрылған. Эдвайзердің қызметтік міндеттері: студенттерге уақытында кәсіби бағдар беру; жеке оқу жоспарларын құрастыруда жоғары оқу орнында студенттің академиялық мүддесін ұсыну; сол мамандық бойынша оқытуға қажетті барлық оқу-әдістемелік құжаттаманың бар болуы мен уақытында дайындауға бақылау жүргізу; мамандықтың барлық пәндері бойынша ағымдық және аралық бақылауды жүргізудің ережесін орнатуды тексеру, білім алушының академиялық рейтингін есептеу және оған қатысуға көмек беру.

Кредиттік оқыту жүйесінде оқытуды ұйымдастыру келесідей формалар арқылы жүзеге асырылады:

- аудиториялық сабақтар: дәрістер, практикалық немесе лабораториялық сабақтар, семинарлар;

- аудиториядан тыс сабақтар: оқытушы жетекшілігімен орындалатын студенттердің өздік жұмысы және студенттердің өздік жұмысы, жеке кеңестер беру, түрлі конференциялар және т.б.;

- оқу және кәсіби тәжірибелерді өткізу, ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу, курстық пен дипломдық жұмыстарды дайындау;

- студенттердің оқу жетістіктерін бағалау: аралық және ағымдық бақылау, аралық аттестация, қорытынды бақылау, қорытынды мемлекеттік аттестация.

Дәрістер оқу процесінде ұйымдастыру және бағыт беру рөлін атқара отырып, студенттердің өз бетімен терең жұмыс істеу қабілеттері мен қажеттіліктерін дамытуы тиіс. Әрбір сабаққа тьютор белсенді үлестірмелі материал дайындауы қажет.

Кредиттік технологияның негізгі ерекшелігі – студенттердің өз бетінше дамуына жағдай жасау. Студенттің өз іс-әрекетін ұйымдастыра алуға және өз білімін жетілдіруге деген қабілеттерін дамыту мақсатында оқытушы мен студент арасында типтік цикл іске асырылады: студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ) мен студенттің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмыс (СОӨЖ) /2/.

Кредиттік жүйенің артықшылық жақтары студенттердің өздік жұмыстарын ұйымдастыру рөлінің күшеюіне, оқытудың сапасын күшейтуге деген талаптар, қашықтықтан білім беруді дамытуға, басқаша айтқанда білім берудің ашық жүйесін құру міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Педагогикалық энциклопедияда өздік жұмысымен оқушылардың аудиториялық және аудиториядан тыс сабақтарын үздіксіз, оқытушының көмегінен жүзеге асырылатын оқушылардың жеке әрекеттерінің көптеген түрлері түсіндіріледі /6/.

Студенттердің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысы (СОӨЖ) – оқу пәні бойынша қосымша материалдарды меңгеруге бағытталған, оны басқаша студенттердің аудиториядағы өзіндік жұмысы деп те атайды. Аудиториядағы өзіндік жұмыстардың мазмұны оқу жоспарымен және пәннің оқу бағдарламасымен анықталады, оқу кестесімен реттеледі, сонымен қатар оқытушылардың оқу жүктемесіне енеді /4/. Көп жағдайда СОӨЖ оқытушының жетекшілігімен дәріс, дәріс материалдарымен жұмыс, семинар, практикалық және зертханалық сабақ түрінде; кеңес беру; интерактивтік сабақтар; үй тапсырмасы мен бақылау жұмыстарын тексеру; рефератты баяндау және эссе формаларында өтуі мүмкін. Оның мазмұны, сипаты, көлемі нақты оқылатын пәнге, оқу пәнінің ерекшеліктеріне байланысты.

Студенттердің өздік жұмысы (СӨЖ) – арнайы уақыт ішінде оқытушының тапсыруымен, бірақ оның тікелей көмегінен орындалатын жұмыстар. СӨЖ үшін белгілі дәрежеде студенттің ақыл-ойы, күш-жігері, білімі мен қабілеті жұмсалады. Сабақтың тиімділігін арттыруда

студенттердің өздік жұмысын ұйымдастыру тәжірибе жүзінде тексерілген және мүмкін болатын жолдардың бірі болып табылады. Өздік жұмыстың міндеті тек қана практикалық тапсырманы орындау ғана емес, сонымен қатар шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту мен қалыптастыру, білім алуда қызығушылықтарын арттыру болып есептеледі /7/. Басқаша айтқанда, студенттердің өздік жұмысы оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың жоғары формасы ретінде қарастыруға болады.

Семинар, практикалық және зертханалық сабақтар сабақтың нақты мақсатын қойып, студенттердің оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруды көздейді, сонымен қатар мұнда оқу-зертханалық әдістемелік және көмекші материалдар бойынша арнайы тапсырмалар болуы қажет /6/.

Сонымен, республиканың жоғары кәсіби білімін қайта қалыптастырудың негізгі мақсаттарының бірі – қабылданған халықаралық міндеттемелермен сәйкес әлемдік білім кеңістігінде шолғырландыру. Шоғырландыру процесін дамыту мен тереңдету, білімнің ұлттық жүйесіне жақындату, студенттердің мобильділігін кеңейту бойынша кезеңді саясатты өткізе отырып, Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі білім кеңістігінде жоғары білім туралы құжаттың баламасы, оқу кезеңін өзара тануды қамтамасыз ету бойынша жаңа құралдар жасауда. Оқудың кредиттік технологиясын енгізу бойынша ғылыми-педагогикалық экспериментке сәйкес келетін оқу-әдістемелік құжаттаманы, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білімнің екі деңгейін енгізді, білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, жаңа оқу жоспарларын, жаңа академиялық қызметті енгізу, оқу процесін бөлу мен білімді бағалауды дайындауды қарастырады /3/.

Кредиттік технологияның жалпылама қабылданған артықшылығы халықаралық білім беру стандартына сәйкестігі және білім туралы құжатты тану мәселелерін шешу, әлемдік қарқындылықты, жүйелік, кезеңділік, студенттің оқу қызметінің адымдауын есепке ала отырып, білім беру стандарты мен бағдарламасын бір жүйеге келтіру, академиялық еркінділікпен оқу бағдарламаларының әр түрлілігі және т.б. болып табылады. Оқытудың бұл технологиялық маңызды ерекшеліктерінің бірі - оқуға мәжбүрлеу әдісінен студенттің өздігінен білім алуын белсендіру.

Республикада оқытудың бұл технологиялық процесін енгізу бүгінгі өзінде біздің жоғары білімнің әлемдік университеті қауымдастығымен академиялық дәреже, ЖОО-ның аяқтағаны туралы құжатты мойындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Біздің студенттерде шет елдердің университеттік білімнің барлық деңгейлеріне еркін енуге, түлектердің кез-келген елде жұмысқа орналасу құқығына ие болады. Сондай-ақ, түлектердің жұмысқа орналасуында біліктілігін кәсіби мойындауға

инвестор, жұмыс берушілердің талабын қанағаттандырады. Бұған білім алушының мобильділігін, көбінесе олардың еркінділігін, өз бетінше білім траекториясын тандауды қосады /4/.

Сонымен, студент пен оқытушының нормативін қамтамасыз етуді өзгертуде оқу процесін ақпараттандыру дәрежесін біршама жоғары деңгейге көтеруге болады. Оқудың кредиттік жүйелерінің талаптарына әрекет ететін нормативті білім алушыға оқулықтар және оқу материалдарымен, әсіресе базалық курс бойынша, сондай-ақ техникалық құрал, алдымен басу және көбейту құралдарымен қамтамасыз етуді қалпына келтіру керек.

Кредиттік оқу жүйесі енгізілген ЖОО-дарында студенттер өз еркімен оқытушыларды тандау және өзінің білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндіктері бар, ал бұл кредиттік жүйенің басты ерекшелігі болып саналады. Сонымен қатар әр уақытта педагогикалық шеберлікті жетілдіру, оқу процесін ұйымдастырушылардың біліктілігін жоғарылату, алдыңғы қатарлы тәжірибелермен алмасу – оқытудың кредиттік жүйесінің артықшылықтарының бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Өстемиров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. Алматы: ЖШС «КАЗПРОФТЕХ», 2007. – 144 б.
2. Андасова Б.З. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша болашақ экономистердің өздік жұмыстарын ұйымдастырудың педагогикалық шарттары: автореферат дисс. ... п.ғ.к. – Астана, 2007. – 29 б.
3. Карасева Э.М. Формирование кредитной системы обучения в Казахстане // Вестник КарГУ. Серия Педагогика – 2008. – №3 (51). – С.35-39
4. Байкенжеева А., Назарова Г. Кредиттік жүйе бойынша студенттерге экологиялық білім беру ерекшеліктері // Білім әлемінде.-2008.-№1. – Б.30-32
5. Несиелік жүйе бойынша оқитын студенттерге арналған пәндер бойынша оқу-әдістемелік кешенін дайындау және рәсімдеу туралы әдістемелік нұсқау / Құраст. Каргин С.Т., Дьяков Д.В., Ақыбаева Г.С. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 29 б.
6. Педагогическая энциклопедия. М.: Совет.энциклопедия, 1964.–831 с.
7. Вербицкий А.А. Самостоятельная работа студентов младших курсов // Высшая школа России. 1995. – №3. С.7-14

* * *

Сегодня, для модернизации профессионального образования в высших учебных заведениях, особое внимание уделяется кредитной системе обучения. Кредитная система обучения обусловлена реформированием образования на уровне современных тенденций развития науки и техники, соответствием образования Республики Казахстан всем требованиям мирового стандарта

* * *

The active process of involving the credit system in Kazakhstan is started. In purpose of the International expectation the National Educational Programs, the provision mobility of the students and Professor-teaching stuff and also increasing the educational level and providing the exchanging experiences in all levels and stages of Higher and Up-graduate Education in equal credit system of Education is involved